



## БІЛІМДІ ТҮЛЕК – БІЛІКТІ МАМАН – АБЫРОЙЛЫ БАСШЫ

**Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы**

Аға оқытушы, магистр, Ш.Есенов атындағы  
Каспий технологиялар және инжиниринг  
университеті, Ақтау қаласы, Қазақстан  
Республикасы

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8844-7629>

e-mail: [alpakon02092000@mail.ru](mailto:alpakon02092000@mail.ru)

Әрбір жетістік – табанды еңбек пен білімнің жемісі. «Білімді түлек – білікті маман – абыройлы басшы» тақырыбына арқау болған бүгінгі кейіпкеріміз – өз жолын қарапайым тарих мамандығын меңгеруден бастаған жан. Ол 1999 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің тарих мамандығын аяқтап, үлкен өмірге қадам басқан. Жоғарғы оқу орнын тәмамдаған соң, кәсіби саласында тынымсыз еңбек етіп, түрлі сатылардан сәтті өтті. Алдымен білім беру саласында қызмет атқарып, ұйымдастырушылық қабілетін танытты. Уақыт өте келе басқару қызметтеріне араласып, өз ісінің шебер маманы ретінде танылды. Көп жылғы тәжірибесі мен көшбасшылық қасиеттері оны қоғамда абыройлы тұлға дәрежесіне жеткізді. Қарапайым маманнан қала әкімінің лауазымына дейін көтерілу – әркімге үлгі боларлық жол. Бүгінде ол тек лауазым иесі ғана емес, парасатты басшы, өз ортасына сыйлы азамат. Бұл мақалада біз оның кәсіби қалыптасу кезеңдері мен тұлғалық болмысын зерделейміз.

Бүгінгі мақаламда университет қабырғасындағы үздік білімімен қатар үлкен өмірге қадам басқаннан кейін өнегелі еңбегімен де танылып келе жатырған, алғаш еңбек жолымды бастаған 1995 жылы өзім жетекшілік жасаған оқу тобымдағы үздік түлегім – Байпақов Әбілқайыр Жаңайұлы туралы тоқталып өткім келіп отыр. Әбілқайыр Жаңайұлы 1995 – 1999 ж.ж. Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті, «Тарих-филология» факультетінде «Тарих» мамандығы бойынша білім алып, 1999 жылы үздік дипломмен бітірді. Осы жылы университет басшылығының ұсынысымен жас маман ретінде «Тарих және философия» кафедрасына жұмысқа алынып, оқытушы қызметінде еңбек жолын бастады. 2000 жылдың ақпан айынан 2001 жылдың мамыр айына дейін Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының жастар саясаты бөлімінің жетекші маманы, 2002 жылдың мамыр-маусым айларында Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасында бас маман қызметін атқарды.



2002 жылдың тамыз айынан бастап Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының қоғамдық бірлестіктермен жұмыс бөлімінің бас маманы болып қызмет жасаса, 2002 жылдың қараша айында Маңғыстау облыстық Ішкі саясат Департаментінің ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің бас маманы, 2003 жылдың сәуір айынан 2004 жылдың маусым айлары аралығында сол бөлімнің бастығы қызметтерінде болды. 2004 жылдың маусым айынан 2005 жылдың қаңтар айына дейін «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ы «Халық-Лизинг» АҚ аймақтық менеджері, 2005 жылдың қаңтар айынан қазан айына дейін Ақтау қаласы Әкімінің көмекшісі, аталған жылдың қазан айынан желтоқсан айына дейін (ҚР Президенті сайлауы 2005 жыл), «Отан» ХДП-ның Ақтау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, 2006 жылдың қаңтар айынан қыркүйек айына дейін Ақтау қаласының әкімі аппаратында аппарат басшысы, 2006 жылдың қыркүйек айынан 2007 жылдың қазан айлары аралығында Ақтау қаласына қарасты Баянды селосының әкімі қызметін атқарды.

2007 жылдың қазан айынан 2010 жылдың шілде айы аралығында «Каспий» Әлеуметтік – Кәсіпкерлік Корпорациясы» Ұлттық Компаниясы Акционерлік Қоғамының әкімшілік департаменті директоры, 2010 жылдың шілде айынан бастап «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық Партиясы Маңғыстау облыстық филиалының ұйымдастыру-партия жұмыстары бөлімінің меңгерушісі, 2011 – 2012 жылдар аралығында Қарақия ауданы әкімі аппаратының басшысы, 2012 – 2020 жылдар аралығында «БК «Caspі Bitum» ЖШС-гі (Ақтау битум зауыты) әкімшілік-кадр бөлімі басшысы болып жасады. Ал, 2020 жылдың тамыз айынан бастап 2023 жылға дейін Ақтау қаласы әкімінің орынбасары, 2023 жылдан – 2024 жылдың шілдесіне дейін Маңғыстау облысының Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы қызметтерін атқарды. Ал, 2024 жылдың 16-шілдесінен бастап күні бүгінге дейін Ақтау қаласының әкімі қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қай салада қызмет атқарса да, Байпақов Әбілқайыр Жаңайұлы – білім мен еңбекті өмірлік ұстанымына айналдырған, талмай ізденіп, әр қызметте өз кәсібилігімен танылған тұлға. Университет қабырғасындағы үздік білімі оның болашақтағы биік жетістіктеріне берік негіз болды. Еңбек жолын қатардағы оқытушылықтан бастап, түрлі салаларда жауапты лауазымдарды абыроймен атқаруы – оның біліктілігі мен табандылығының айғағы. Мемлекеттік қызмет пен әлеуметтік-саяси бағыттағы жұмыстарда жинақтаған тәжірибесі оны нағыз көшбасшы ретінде қалыптастырды. Қай салада жұмыс істесе де, Әбілқайыр Жаңайұлы әрдайым жоғары жауапкершілік пен кәсіби шеберлік таныта білді.



Бүгінде Ақтау қаласының әкімі ретінде ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, тұрғындардың сенімінен шығып жүр. Осындай іскер де ілкімді басшылар – ел дамуының тірегі, жастарға үлгі болар тұлғалар.

«Ұстаз» ұғымы тек білім беруші ғана емес, рухани бағыт-бағдар көрсетуші, адам тәрбиелеуші тұлға ретінде терең мазмұнға ие болса, «шәкірт» ұғымы да сол ұстаздан үйренген ізгілік пен парасатты бойына сіңірген, өмірлік жолын қалыптастыратын тұлға деген кең мағынаға ие. «Шәкірт» – ұстаздан тек білім ғана емес, адамгершілік, ізгілік, тәрбие және өмірлік ұстанымдарды бойына сіңіріп, өзін-өзі үнемі жетілдіруге ұмтылатын тұлға. «Ұстазынан шәкірті озса – игі» деген халық даналығына сүйене отырып, біз, «Тарих» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы, шәкірттеріміздің жетістігін – ұстаз еңбегінің шынайы жемісі деп білеміз. Университет қабырғасында алған білімдері мен тәлім-тәрбиесі негізінде ел болашағы үшін адал қызмет етіп жүрген түлектеріміздің қатары жыл сайын артып келе жатқаны – біз үшін үлкен мақтаныш. Алдағы уақытта да осындай білікті, білімді, отаншыл жастардың қатарын көбейтіп, тарихи санасы жоғары ұрпақ тәрбиелеуге бар күшімізді саламыз.

Сонымен, ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыс – тек білім беру үдерісімен шектелмейтін, терең тәрбие мен өмірлік бағыт беретін қасиетті сабақтастық. Байпақов Әбілқайыр Жаңайұлы – осы сабақтастықтың жарқын көрінісі, ұстаз үмітін ақтап, ел игілігіне қызмет етіп жүрген үлгілі түлек. Мұндай табысты түлектер – кейінгі буын жастарға жол көрсетіп, шабыт сыйлайтын тірі мысал. Сондықтан да болашақта ел басқаруға, қоғамға қызмет етуге ниетті жас талапкерлерді Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің 6B01601 – «Тарих» БББ-на шақырамыз. Өйткені, бұл – терең білім мен парасаттылықтың, үлкен мүмкіндіктер мен шынайы жетістіктердің жолы.